

---

## РАЗДЕЛ 3

---

### МЕНЕДЖМЕНТ, МАРКЕТИНГ В РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКЕ

*Ө.Қ. Шеденов, Н.М. Дюсеханова*

#### **АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕННІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ӘДІСТЕРІ**

Кез келген республиканың ауыл шаруашылық секторы қашанда табиғи-климаттық факторларға тәуелді. Сондықтан да кез келген мемлекет ауыл шаруашылық саланы белгілі бір мөлшер мен шектерде реттейді, ал реттеудің өзі мемлекеттік қолдау түрінде жүзеге асады. Агроөнеркәсіптік кешен Қазақстан Республикасы халық шаруашылығының ірі саласы, бүгінде ауылды жерлерде республика халқының 47%-ы тұратындықтан елдегі экономикалық және әлеуметтік жағдай көбінесе осы саладағы ахуалға қатысты болып келеді.

Мемлекеттік реттеу нарықтық экономика жағдайында өз табиғатында болу үшін оның нақты теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау қажет. Ол ең алдымен елде экономикалық және саяси келісім орнату мақсатын көздеуі керек. Нарықтық қатынастар жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу – экономиканы әкімшіл-әміршілдік басқарумен салыстырғанда іс жүзінде жаңаша сипатқа ие болатыны сөзсіз. Мұнда біріншіден, реттеудің әкімшілік емес, экономикалық әдістерінің басымдылығы мен тиімділігін айту керек, екіншіден, мемлекет тарапынан ұсынылатын шарт пен бағдарламаны таңдауға мүмкіндік беретін реттеудің индикативтік әдістеріне көшудің жүзеге асуын айтуға болады, үшіншіден, шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара келісімі негізінде шешім қабылдаудың демократиялық қағидаларына көшу де маңызды роль атқарады.

Нарықтық экономика шарттары тұрғысынан қарастыратын болсақ, экономиканы мемлекеттік реттеудің өзіндік айқын қажеттіліктерін байқаймыз. Олар, өз кезегінде төмендегідей нарықтың кемшіліктері арқылы көрінеді:

1. Нарық банкроттықтан сақтандыра алмайды;
2. Нарық көптеген кәсіпорындардың, жер иеленушілердің, сатушылардың қызметін үйлестіре алмайды, оның үйлестіруші қызметін мемлекет өзіне қалдырады;
3. Нарық әрқашан монополиялануға ұмтылады;
4. Нарықтық механизм сыртқы әсерлер деп аталатын мәселелерді шеше алмайды. Мысалы, қоршаған ортаны ластанудан қорғау, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы дауларды шешу және т.с.с.[1].

Экономикалық тұрғыдан алғанда, таза нарықтық экономика болмайтынын әлемдік тәжірибе дәлелдеп отыр. Мемлекет экономикаға әрқашан да араласқан. Мұнда тек оның мақсаттары, міндеттері, ауқымы мен нысандары ғана әр түрлі болып келеді. Бүгінде аграршы-ғалымдар ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу және қолдау мәселелерін түбегейлі зерттеуде. Агроөнеркәсіптік кешеннің сұраныс пен ұсыныстың төмен бағалық икемділігі жағдайында мемлекеттік қолдаусыз өзіндік реттеудің нарықтық механизмдері арқылы ғана тұрақты дамуға қол жеткізуі мүмкін емес. Жоғарыда атап өткеніміздей, экономиканы мемлекеттік реттеу кез келген қоғамда, кез келген экономикалық жүйеде орын алған. Соған сәйкес мемлекеттік реттеу мәселелерін зерттеу де шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде көптеп кездеседі. Мемлекеттік реттеу туралы П. Самуэльсон мен В. Нордхаус «рыноктық механизм көптеген салаларда баға мен өндірісті анықтайды, ал мемлекет өз кезегінде рынокты салық салу, шығындар арқылы реттейді. Екі жақ та – рынок және мемлекет те маңызды. Экономиканы екеуінің біреуінсіз басқару бір қолмен қол соғуға тырысқанмен бірдей» деген пікір айтады [2].

Экономиканы мемлекеттік реттеу идеясы нарықтық экономикалы елдерде XX ғасырдың 50-60 жылдарынан бері жүзеге асырылып келеді. Бүгінде көптеген елдерде ауыл шаруашылығы экономикасын мемлекеттік реттеудің әр түрлі механизмдері енгізілген. Оларда шаруаларды мемлекеттік қолдау механизмдерін жасай отырып, нарықтың «көрінбейтін қолының» еркіндігін шектеу қажеттігі айқындалған. Мұндай механизмдер өз жеріне меншік иесі бола отырып, оны тиімді пайдалану мен сақтауға мүдделі ерікті шаруа мүдделеріне бағытталғанда ғана дұрыс жұмыс істей алады. Әлемдік ауыл шаруашылықтың тәжірибесі ертеректе көрнекті ресейлік экономист-ғалым А. Чаяновтың ғылыми тұжырымдарының дұрыстығын дәлелдеді. Әсіресе, оның айтуынша, техниканың аса зор даму жағдайында да осы салада отбасылық фермерлік шаруашылықтар маңызды роль атқара алады. Мысалы, АҚШ-та XX ғасырда өндірілген өнімнің 60%-ға жуығын жеке отбасылық фермалар өндірді. Ал, жерге меншік пен экономикалық мүддеден айырылған шаруалар, тәжірибе көрсеткендей ондай нәтижеге қол жеткізе алмаған.

Кейбір кәсіпкерлер бизнес мемлекеттік реттеуді қабылдамайды деп санайды. Алайда, Нобель сыйлығының лауреаты Дж. Стиглицтің мемлекеттік реттеу жөніндегі белгілі зерттеулеріне сүйенетін болсақ, бизнес мемлекеттік реттеуден мүлдем алшақтамайды, қайта керісінше ол бәсекедегі тәуекелді істерді мемлекет тарапынан қорғауды талап етеді.[3-4б] Мұндай құбылыстар нарықтық қатынастарының қалыптасқанына көп бола қоймаған Қазақстан экономикасының аграрлық саласына да тән.

Сонымен мемлекеттік реттеу дегеніміз – мемлекеттік басқарушы органдардың шаруашылық жүргізуші субъектілердің және әлеуметтік-экономикалық құрылымдардың әрекетіне, экономиканы тұрақты дамыту мақсатында қолданылатын мемлекеттік шаралар жүйесі. Отандық ғалым, А. Кайгородцев агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеуді «ауыл шаруашылығы өнімін және шикізат пен азық-түлікті өндіру, өңдеу мен өткізуге мемлекеттің экономикалық, әкімшілік және заңнамалық әсер ету жүйесі деп түсіну керек» деген пікірді алға тартады [4].

АӨК-ді мемлекеттік реттеу қажеттілігі:

- 1) шикізат пен азық-түлік, ауыл шаруашылығы өнімдері нарықтарының елдің макроэкономикалық жағдайына әсер етуімен;
- 2) өнімді өндіру, өңдеу және өткізу үрдістерінде қалыптасатын табыстарды экономикалық әділетті жолмен бөлуді қамтамасыз етуге нарықтың қабілетсіздігімен;
- 3) табиғи факторлардың оның нәтижелілігіне әсер етуімен анықталатын ауыл шаруашылығы өндірісінің спецификасымен;
- 4) ауыл шаруашылығын ауыл территориясын сақтаудың және ауыл тұрғындары іс-әрекетінің негізгі түрі ретінде қолдаумен байланысты болып келеді.

АӨК-ні мемлекеттік реттеудің міндеттері:

- 1) агроөнеркәсіптік өндірістің дамуы;
- 2) елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) шикізат пен азық-түлік, ауыл шаруашылығы өнімдері нарықтарын реттеу;
- 4) халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуін жақсарту;
- 5) ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа салаларының теңгерімшілігін (паритетін) қолдау;
- 6) ауыл шаруашылығы мен басқа салалардағы жұмысшылар табыстарының деңгейін теңдестіру;
- 7) отандық тауар өндірушілерді қорғау болып табылады.

Мемлекеттің реттеуі мен қолдауынсыз аграрлық сектордың дамуы мүмкін емес. Осы орайда, академик Я.Ә. Әубәкіров «...мемлекет әсері ауыл шаруашылығының барлық секторларының әлеуметтік бағытта болуын, халықты еңбекпен қамтамасыз етуді, ауыл шаруашылығы салаларына жоғары технологияны енгізуді, халықаралық еңбек бөлінісінде, отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің енуін қамтамасыз етеді» деп санайды [5-82б].

Сондықтан да аграрлық қатынастарды оңтайлы реттеу үшін мемлекеттік реттеудің мақсатты бағытталған, тұрақты және белсенді саясаты, яғни реттеу мен қолдаудың ерекше

мемлекеттік саясаты қажет. Шетелдердің ауыл шаруашылығы саласының дамуында аграрлық сектордың дамуын мемлекеттік реттеу тек қана қажеттілік емес, сонымен бірге көптеген шет мемлекеттердің дамуы үшін заңдылық болып табылатынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Аграрлық секторды және агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу көпқырлы және кешенді мәселе болып табылады. Солай бола отырып, нормативтік-құқықтық актілерді дайындау, азық-түлік тәуелсіздігіне, ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуына қол жеткізу үшін мемлекеттік органдар іс-әрекетін ұйымдастыру жолдарымен мемлекеттің ұйымдық-шаруашылық іс-әрекетке мақсатты түрде әсер етуін көрсетеді. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы өнімдерін, шикізат пен азық-түлікті өндіру, өңдеу және өткізуге, сонымен қатар өндірістік-техникалық қызмет көрсетуге және агроөнеркәсіптік өндірістің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне мемлекеттің экономикалық әсерін білдіреді.

Экономикалық реформаларды жүргізудің тарихи тәжірибесі көрсеткендей, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде аграрлық реформалардың бағыты, дұрыстығы мен жүйелілігі үлкен роль атқарады. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстанда аграрлық саясатты жүргізу барысында осы дұрыс бағыт пен жүйелілікті қамтамасыз етуге қажетті көңіл бөлінбеді де, соның салдарынан басқарудың, жоспарлаудың әкімшілік әдістерінен бірден бас тарту орын алып, жедел жекешелендіру жергілікті жағдайды ескерусіз жүргізілді. Мемлекеттік басқару, жоспарлы үйлестіру жаңа жағдайда мемлекеттің экономикалық саясатын жасаудың ғылыми негізі ретінде әлеуметтік-экономикалық мәселелерді, оның ішінде баға белгілеу, қаржы-несие саясаты мен салықтық реттеу, ғылыми-техникалық болжау жүйелерін де қамтиды. Қоғамдық мүдде тұрғысынан экономиканың аса маңызды секторларының (соның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің) дамуын мемлекеттік реттеудің әр түрлі әдістерін – инвестиция, салықтар, несиелер, субвенциялар, әр түрлі жеңілдіктерді пайдалану арқылы қамтамасыз ете аламыз. Агроөнеркәсіптік кешеннің қосалқы салаларының, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымының дамуы үшін салықтық жеңілдіктер беру маңызды.

Агроөнеркәсіптік кешеннің құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік салық және қаржы-несие саясаты аграрлық секторға қатысты мынадай негізде құрылуы қажет:

- ауыл шаруашылығының басымды түрде дамуы;
- шаруашылық жүргізудің барлық ұйымдық-экономикалық түрлерінің теңдігі.

Осылайша, азық-түлік пен шикізаттың сатып алу бағасын едәуір төмендету арқылы халықты әлеуметтік қорғау жүйесін де жақсартуға болады.

Мемлекеттің аграрлық саясатын жан-жақты талдай келе, осы саясат негізінде шешімін табуға тиіс бірқатар мәселелер жатқанын көреміз:

- кооперацияның мүмкіндіктерін максималды пайдалану және шаруашылық жүргізудің әр түрлі тиімді ұйымдық-құқықтық нысандарында өндірістің көпукладты аграрлы құрылым құруды аяқтау, осы салада кәсіпкерлік пен шағын бизнестің еркін дамуын қамтамасыз ету;

- аграрлық секторды кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық еркіндігімен жанама мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету;

- аграрлық сектордың дамуын мемлекеттің мақсатты бағдарламаларын жүзеге асыру негізінде мемлекеттік қолдау;

- отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қорғауды және бәсекеге қабілетті өнімдер мен азық-түлік тауарларымен әлемдік нарыққа шығуын қамтамасыз ету;

- салық саясатының және қаржы-несиелік жүйе мен бағалық реттеудің нарықтық механизмдерін жетілдіру, ауыл шаруашылығы өндірісі мен тамақ өнеркәсібінің ресурстық әлеуетін жаңалауға инвестиция бағыттау;

- аграрлық секторды заманауи техникамен, минералды тыңайтқыштармен, өсімдік қорғау құралдарымен, ветеринарлық медицина құрал-жабдықтарымен және тауар өндірушілерді агросервистік қызмет көрсетулермен қамтамасыз ету үшін отандық ауыл шаруашылығы машинасын жасау және химия өнеркәсібінің дамуын жеделдету;

- жерді рационалды пайдалану, оны қорғау, өндірістің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- экологиялық таза өнімдер өндірісінде жаңа ресурс жианқтаушы технологияны игеру;

- жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өнім өндіру мақсатымен ауыл шаруашылығы өндірісінің өнеркәсіптік қайта өңдеумен интеграциялық үрдістерін тереңдете дамыту;

- агроөнеркәсіптік өндірісте, мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясын дамытуда мемлекеттің ғылыми-техникалық саясатын іске асыру;

- ауылдың әлеуметтік дамуын жеделдету, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру, ауылдық елді мекендерде өмір сүруге толық жағдай жасау.

Қазіргі кезде мемлекеттік реттеудің мақсаты – аграрлық секторды нарықтық экономиканың тиімді саласына айналдыру; агроөнеркәсіптік өндірістің тұрақты дамуын қамтамасыз ету; өндірістің қалыпты экономикалық қызмет етуі үшін жағдай жасау; осы салада кәсіпкерлік қызметтің дамуын қолдау болып табылады. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қолдау мемлекеттің қосымша шығындары бола отырып өндірістің өсуі үшін жағдай туғызады, инфрақұрылымның дамуын жеделдетеді, жұмыссыздықты төмендетеді, баға тепеңдігін ұстап тұрады, ал тұтастай алғанда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Мұндай шығындарға іс жүзінде әлемнің барлық елдері жол береді.

Аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің жағдайларымен қатар АӨК-нің әрекет етуінің өзіндік мәселелері бар. Олар келесідей:

- АӨК-нің барлық салаларының пропорционалды дамуы барысы. АӨК-нің көптеген салалары бар, мысалға ауыл шаруашылығы өнімдіріні қайта өңдеуші саласын айтуға болады.

- ауыл шаруашылық кәсіпорындарының басымды дамуы негіздері. Бұл қағида елдегі азық-түлік проблемасын түбегейлі шешудегі негізгі база ретінде аграрлық секторды және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайтудағы шешуші ролін мойындаудан туындайды.

- АӨК-нің кәсіпорындарын басқаруда соңғы нәтижеге бағдарлануы, ал бұл АӨК-нің барлық жүйесіне де қатысты болып келеді.

Сондықтан, аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің нарықтық жағдайлары келесідей:

- сыртқы экономикалық және ішкі экономикалық қатынастарда аграрлық саладағы белгілі бір жеңілдіктерді белгілеуді жоспарлайтын аграрлық протекционизм. Ұлттық мүдделерді қорғау үшін әлемнің дамыған нарықтық елдері әлеуметтік институт ретінде мемлекеттік протекционизмді қолданады.

Аграрлық протекционизмнің негізінде келесідей жағдайлар жатады:

а) елдің азық-түлік қауіпсіздігін сақтау. Өйткені елдің экономикалық қуатының бір атрибуты оның азық-түлік қауіпсіздігі болып табылады.

ә) импортты шектеу және экспортты қолдау. Демек, мемлекет сырттан келетін импорт ағындарын бақылау керек және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне өз тауарларын сыртқа шығаруға жәрдемдесуі қажет, сонымен қатар, бұл екеуінің арасындағы балансты сақтауы керек.

Б) бұл ең бастысы, яғни аграрлық секторды тұтас экономиканың маңызды салаларының бірі ретінде дамыту:

- әр түрлі деңгейде қабылданған мақсатты бағдарламаларды олардың орындалуы мен бақылауды реттеу;

- АӨК-нің басымды дамуы; АӨК-нің басымды дамуы аграрлық сектордың экономиканың маңызды салаларының бірі ретінде халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуінде жатыр. Мұнда әрбір адамның және тұтас мемлекеттің мүдделері тоғысып жатыр.

- экономиканың басқа салаларындағы және аграрлық сектордағы табыстарға баға теңгермешілігін (паритетін) белгілеу және қолдау. Мемлекет табыс пен баға теңгермешілігін аграрлық салада да, сондай-ақ экономиканың басқа салаларында да қолдауға тиіс.

- мемлекеттік реттеудің экономикалық әдістермен жүзеге асырылуы;

- мемлекеттік және басқа да шаруашылық құрылымдардың ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының іс-әрекетіне тікелей араласуына жол бермеу;

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда дербестікті сақтау және кепілдендіру қағидасы.

Осылайша, экономикалық реттеу өндірістік-шаруашылық іс-әрекеттің дербестігін қамтамасыз етеді, меншікті басқарудың еркіндігін нығайтуға ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының шаруашылық-өндірістік іс-әрекетінде жаңа өндірістік базаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің экономикалық әдістерінің басты қызметі өндіріс тиімділігінің барынша жоғары деңгейінде қоғамға қажетті өнім өндіру үшін қолда бар әртүрлі ресурстарды толық пайдалануға мүмкіндік беретіндей өндірушілердің экономикалық мүдделеріне ықпал етуді қамтамасыз етуінде жатыр. Аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің маңызды элементі – саланы мемлекеттік қолдау. Аграрлық секторды мемлекеттік қолдау саяси, сондай-ақ экономикалық факторлармен және аграрлық сектордың ерекшеліктерімен шарттасылған (ауыл шаруашылығы өндірісі ұйымдарының бірқатар нысандарының болуы; жерді өндірістің негізгі құралы ретінде пайдалану; жергілікті топырақтық және табиғи-климаттық жағдайлардың әр түрлілігі; көптеген кәсіпорындардың көпсалалық сипаты).

Аграрлық секторды мемлекеттік қолдау өз кезегінде келесідей бөлуі жөн:

1. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өзін-өзі қаржыландыру негізінде жұмыс істеуі қажет, ал мемлекет тарапынан қолдау шаралары шаруашылық жүргізудің қалыпты экономикалық жағдайын қамтамасыз ету үшін толықтырушы роль атқаруы керек.

2. Субсидиялар, дотациялар, жеңілдіктер және басқа реттеуші тетіктер мен құралдар тауар өндірушілерді тиімді шаруашылық жүргізуге бағдарлауы қажет, оларды қатаң дифференциалды түрде қолдану керек. Мемлекеттік қолдау әкімшілік әдістер ретінде көрінеді, яғни құқықтық актілерде көрініс табады.

Өндірістік әлеуетті сақтау, қолдау, жаңалау және жаңғырту бойынша аграрлық секторды тікелей қаржылық қолдау әр түрлі нысанда көрінуі мүмкін:

- бұрын қабылданған және қазіргі уақытта қолданылатын мемлекеттік мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру;

- ірі өндірістердің әлеуетін қолдау, сондай-ақ шаруа қожалықтарының жаңа тиімді қуатын қалыптастыру бойынша жеңілдетілген мақсатты несиелер;

- техникалардың мақсатты лизингін жасау;

- мал шаруашылығының тапшылық өнімдеріне берілетін дотацияны оның өндірісі мен шаруашылық мамандануының зоналық жағдайы есебінен сақтау;

- өнім мен мүлікті сақтандыруда көмек көрсету;

- жеке меншіктегі жерге кепілдік операцияларын дамыту;

- салықтарды төмендету, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін ауыл кәсіпорындарында;

- нарық инфрақұрылымдарын дамытуда, көтерме нарықтар құруда және аукциондар өткізуде көмек көрсету;

- импортталатын дайын азық-түлік өнімдеріне кедендік салымдарды арттыру, экспортты субсидиялау.

Аграрлық секторды мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру үшін ел экономикасының осы саласындағы мемлекеттік реттеуші органдардың құзіреттілігі мен құрылымын тұрақты жетілдіріп отыру қажет. Сөз соңында аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың келесідей бағыттарын ұсынуға болады:

1. Шаруа-фермерлерге, әсіресе жұмысын жаңа бастаған фермерлерге қаржылық қолдау көрсету;

2. Табиғи-климаттық жағдайы қолайсыз аудандарда аграрлық сектордың дамуы үшін қаржылық қолдау көрсету;

3. Аграрлық секторды көтеру үшін облыстарға субвенция бөлудің құқықтық негіздерін қарастыру;

4. Аграрлық секторда жеңілдікті салық салудың арнайы режимін анықтау.

Қазіргі жаһандық қаржылық дағдарыс кезінде экономикаға мемлекеттің әсері тіпті күшейе түсуде. Алайда, аграрлық саладағы мемлекеттік саясат бұдан бұрын да күшті болды. АӨК өз дамуында әрқашан да мемлекеттің қатысуын талап етеді. Халқының жартысына

жуығына жақын ауылды жерде тұратын және олардың көпшілігі ауыл шаруашылығында қызмет ететін Қазақстан үшін саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды экономикалық және құқықтық реттеу мемлекет саясатының басым бағыты болып қала бермек.

#### Әдебиеттер

1. І.А. Бибатырова, Б.Ж. Кекілов. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. /Оқу құралы/ – А.: «Қазақ университеті», 2007. – 102 б.
2. Бимендиева Л.А. Аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің теориялық мәселелері. /экон. ғыл. канд. Ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – А.: 1999. – 115 с.
3. Қ.Е. Құбаев, Ж.О. Ихданов, А.Ш. Кәрібай. Аграрлық сектор экономикасын мемлекеттік реттеу мәселелері. /Оқу құралы/ – А.: «Экономика», 1997. – 88 б.
4. А. Кайгородцев. Государственное регулирование АПК как фактор обеспечения продовольственной безопасности //Транзитная экономика. – 2006. – №1 – С. 30-38
5. Аубакиров Я.А. Национальная экономика в условиях глобализации. – А.: «Қазақ университеті», 2005. – 340 с.

\*\*\*

Казахстан готовится к вступлению в ВТО. Следует отметить, что отечественный аграрный сектор пока не совсем готов к функционированию в условиях жесткой конкуренции. Чтобы использовать имеющиеся конкурентные преимущества требуется взвешенная государственная политика.

\*\*\*

In article is described about necessary from the government to adjust development of entering Agro-Industry Complex in number of the developed countries.

*Г.К. Санарова, Ж.С. Булхаирова*

### ПРОБЛЕМЫ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ СЕЛА И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

Аграрный сектор в экономике любого государства занимает важное место. Специфичность роли, отведенного сельскому хозяйству, обуславливается производством продуктов питания - основы жизнедеятельности людей и воспроизводства рабочей силы, производством сырья для многих видов непродовольственных потребительских товаров и продукции производственного назначения. Во многом, уровень развития сельского хозяйства определяет уровень экономической безопасности страны.

Сельская экономика и сельское поселение неразрывно связаны, а именно сельские поселения исторически формировались на основе сельскохозяйственной деятельности и переставали существовать с прекращением последней. Новейшая история только подтверждает эту закономерность: кризис в сельхозпроизводстве повлек за собой отток населения и развал систем жизнеобеспечения сельских населенных пунктов [1]. На данный момент глобальный кризис обострил проблемы сельского хозяйства Казахстана, поэтому основные задачи развития сельскохозяйственного производства требуют первоочередного решения, особенно обеспеченность кадровыми ресурсами, их использование и ценовая политика.

Выход Казахстана на уровень свободных рыночных отношений при оптимальном управлении законодательной системы и государственных структур открывает путь устойчивому развитию экономики, созданию предпосылок для реализации человеческой активности во всех сферах производственно-хозяйственной и социально-экономической деятельности [2].

Под устойчивостью подразумевается развитие, удовлетворяющее потребности настоящего времени, но при этом не ставит под угрозу способность следующих поколений удовлетворять свои собственные потребности.

Устойчивое развитие включает в себя два основных понятия: